



**Астана қаласында 2001 жылғы 17-18 мамырда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көлік үйлестіру кеңесінің XXI мәжілісін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 17 мамыр N 650

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шеңберінде көлік саласындағы ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 2001 жылғы 17-18 мамырда Астана қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көлік үйлестіру кеңесінің XXI мәжілісін өткізсін.
2. Орталық атқарушы органдар қоса беріліп отырған Іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.
3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көлік үйлестіру кеңесінің XXI мәжілісін өткізуін қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2001 жылғы 17 мамырдағы  
N 650 қаулысына  
қосымша

Астана қаласында 2001 жылғы 17-18 мамырда Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көлік үйлестіру кеңесінің

## XXI мәжілісіне дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/p ! N !	Іс-шаралар !	! Орындау мерзімі! ! орындаушылар	Жауапты
1	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көлік үйлестіру кеңесінің XXI мәжілісіне дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету	2001 жылғы 16 мамыр	ҚР ККМ
2	Делегациялардың әуежайдағы, жүру бағыты бойынша қауіпсіздігін, барған орындарында және мәжіліс жұмысы кезінде кеңесті өткізу барысында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету	2001 жылғы 16-19 мамыр	ҚР ИМ
3	Мәжіліске материалдар дайындау (күн тәртібіне сәйкес)	2001 жылғы 16 мамыр	ҚР ККМ ҚР ИМ
4	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көлік үйлестіру кеңесінің XXI мәжілісінің өткізілуі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп беру	2001 жылғы 1 маусым	ҚР ККМ

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК